

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ



МИНИСТР ОБОРОНЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 14-үй,
тел.: +7 (7172) 72-13-84, 72-13-85, факс: 50-41-97
e-mail: mork@mod.gov.kz

010000, город Нур-Султан, улица Достык, дом 14,
тел.: +7 (7172) 72-13-84, 72-13-85, факс: 50-41-97
e-mail: mork@mod.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі
«Қазақстан Халық партиясы»
фракциясының депутаттарына**

2022 ж. 22.06. № ДЗ-202

Құрметті депутаттар!

Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі кешенін (бұдан әрі – ҚӨК) дамыту мәселелеріне қатысты хатты қарап, мынаны хабарлайды.

Қарулы Күштерді қару-жарақпен және әскери техникамен (бұдан әрі – ҚӘТ) жарақтандыру әскерлердің жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі жүктелген міндеттерге сәйкес басымдық бойынша жүзеге асырылады.

Бұл мәселеде ҚӨК-ке елеулі роль жүктелген.

Дамыған отандық ҚӨК мемлекеттің әскери-экономикалық қауіпсіздігінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатыны анық.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын негізгі құжат Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 тамыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрылысы мен дамуының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының жаңа редакциясы бекітілді.

Тұжырымдама, оның ішінде Қарулы Күштердің техникалық жарақтандырылуын арттыру үшін нақты міндеттер мен көрсеткіштерді, іске асыру кезеңдерін қамтиды.

Сонымен қатар, Президенттің 2018 жылғы 28 мамырдағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері

мен әскери құралымдарын қайта жарақтандырудың және қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы қолданылады.

Осы тұжырымдамамен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қайта жарақтандыру мүддесінде ҚӨК-ті дамытудың мақсаттары мен міндеттері, негізгі бағыттары мен кезеңдері айқындалған.

Құрылыс тұжырымдамасының іс-шараларын іс жүзінде іске асыру мақсатында 2030 жылға дейін Қарулы Күштерді жаңа, күрделі жөнделген және жаңғыртылған ҚӘТ-пен қайта жарақтандыру жоспары (бұдан әрі – жоспар) әзірленді және оны 2021 жылғы 30 қыркүйекте Қорғаныс министрі бекітті.

Жоспар қазіргі заманғы жаңа ҚӘТ-ға қайта жарақтандырудың қажетті қарқынын, сондай-ақ Қарулы Күштердің жауынгерлік және техникалық әзірлігінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ететін Қарулы Күштердің нақты қажеттіліктерін ескере отырып әзірленді.

Жоспар отандық ҚӨК-ті дамыту мен жүктеуді жоспарлау үшін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне (бұдан әрі – ИИДМ) жолданды.

ҚӨК-ті дамытудың басты құралдарының бірі мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс (бұдан әрі – МҚТ) болып табылатынын атап өту маңызды.

«Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» заңнамаға сәйкес бірінші кезеңде МҚТ орындаушыларын таңдау отандық ҚӨК кәсіпорындары қатарынан қолданыстағы тізілімнен жүзеге асырылады және отандық орындаушыны айқындау мүмкін болмаған жағдайда ғана мұндай тапсырма «Қазарнаулыэкспорт» РМК атынан уәкілетті ұйымға орындауға беріледі.

Бұл ретте ақша мәнінде отандық ҚӨК-тің МҚТ-ны орындау үлесі жыл сайын кемінде 50 %-ті құрайды, ал ол кейбір жылдары 70 %-ке дейін жетті.

ҚӘТ-ны және басқа да әскери өнімді өндіру, жөндеу және жаңғырту үлесін ұлғайту мақсатында ИИДМ Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, өнімнің (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) отандық өндірісін игеру жөніндегі перспективалық жобаларды тұрақты негізде пысықтауда.

Сонымен, 2020 жылы ИИДМ-ға осындай 110 жобаның тізбесі жолданды, олардың басым бөлігін ҚӨК жұмыс істеп тұрған қуатта өндіре алатын еді, ал екінші бөлігі күрделі салымдарды талап етті немесе экономикалық тұрғыдан мақсатқа сәйкес емес болып табылды.

Алынған деректер МҚТ-ны қалыптастыру кезінде ескерілді.

Бүгінгі күні тағы да 15-тен астам технологиялық тұрғыдан күрделі перспективалық жоба бірлесіп пысықталуда, ұзақ мерзімді перспективада оларды іске асыруды отандық ҚӨК кәсіпорындарында жүзеге асыру жоспарлануда.

Бұл бағыт санкциялық қарсы тұру жағдайында өте өзекті болып отырғаны анық.

Қарулы Күштер мүддесінде броньдалған дөңгелекті техниканы (бұдан әрі – БДМ) сатып алу бөлігінде жүргізілетін іс-шаралар туралы жеке хабардар етеміз.

2016 жылдан бастап бөлімшелерді жасақтау үшін «Қазақстан Парамаунт инжиниринг» ЖШС-дан (бұдан әрі – «ҚПИ»ЖШС) 138 бірлік бхб «Арлан» БДМ сатып алынды, 2022 жылы 10 бірлік «Арлан» БДМ жеткізіледі, ал 2023 жылы тағы жауынгерлік модульдері бар 20 бірлік «Арлан» БДМ-ны жеткізу жоспарлануда. Яғни, Қарулы Күштер мүддесінде сатып алынған бхб «Арлан» БДМ-ның жалпы саны 168 бірлікке жетеді, бұл ақшалай мәнде 82 млрд. теңгеден астамды құрайды.

Қазіргі уақытта «ҚПИ» ЖШС-мен бірлесіп, 4х4 БДМ базасындағы перспективалы арнайы машиналар пысықталуда.

Сонымен, артиллерияның оқ атуын басқару машинасын шығаруға арналған техникалық тапсырма дайындалды және оны ведомствоішілік кеңесші органның (үйлестіру кеңесінің) отырысында қарау жоспарлануда. «ҚПИ» ЖШС шығарған 4х4 БДМ базалық машина ретінде айқындалған жағдайда, осындай 18 бірлік жауынгерлік техниканы сатып алу мәселесі қаралатын болады.

Сонымен қатар, «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасында 2025 жылы іске асыру мерзімімен «Арлан» БДМ базасында радиациялық, химиялық, биологиялық барлау машинасын шығару жөніндегі іс-шара көзделген. Осы типтегі машиналарға қажеттілік 55 бірлікті құрайды.

2021 жылы «ҚПИ» ЖШС-ның күшімен Қарулы Күштердің 60 бірлік «Арлан» БДМ-сына сервистік техникалық қызмет көрсету жүргізілді.

Сонымен қатар, Қарулы Күштерді 8х8 БДМ-мен жарақтандыру шеңберінде 2022 жылғы 18 сәуір мен 30 мамыр кезеңінде «ҚПИ» ЖШС шығарған 8х8 «Барыс» броньдалған дөңгелекті машинасын қайтадан тәжірибелік әскери пайдалану жүргізілді. Осы іс-шараның қорытынды кезеңіне ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде Ұлттық ұлан мен ҰҚК Шекара қызметінің өкілдері шақырылды. Анықталған оң және теріс жақтарына егжей-тегжейлі талдау жүргізілді, ол үйлестіру кеңесінің отырысында қаралатын болады. Осы кезеңде жауынгерлік, десанттық бөлімше, басқару бөлімшесі, машинаның байланыс құралдары мен жиынтықталуы бойынша конструктивтік өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар дайындалды.

ҚӘТ-ның көрсетілген перспективалық жобалары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қаруландыруға қару-жарақ пен әскери техниканы қабылдау қағидаларында айқындалған тәртіппен іске асырылады (ҚР ҚМ 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 30 бұйрығымен бекітілген).

Сонымен, отандық ҚӨК-пен, атап айтқанда «ҚПИ» ЖШС-мен Қарулы Күштерді әртүрлі мақсаттағы БДМ-мен жарақтандыру жөніндегі өзара іс-қимыл өте нәтижелі жүзеге асырылатынын атап өтеміз.

Сонымен қатар, ҚӨК үшін мынадай бірінші кезектегі міндеттерді шешу қажет деп пайымдаймыз:

- 1) ҚӨК-ті көптеген жағдайда армияда сұранысқа ие емес өз өнімін ұсынбай, елдің әлеуетті құрылымдарының қажеттілігіне бағдарлау;
- 2) технологиялық даму деңгейін арттыру;
- 3) экспорттық әлеуетті дамыту;
- 4) жиынтықтаушы және қосалқы бөлшектер өндірісін жолға қою;
- 5) қолданыстағы ҚӘТ паркін зауыттық жөндеу қызметтерін кеңінен дамыту;
- 6) жергілікті қамтуды арттыру, жасырын импортты болдырмау;
- 7) өндірілетін өнімнің әртараптандырылуын дамыту (шығарылатын, оның ішінде азаматтық сектордағы өнімнің номенклатурасын кеңейту);
- 8) лицензиялау жүйесін күшейтумен (нақтылаумен) қол жеткізуге болатын мамандандыру бойынша қорғаныс кәсіпорындарының аражігін анағұрлым нақты ажырату (бекіту) (бүгінгі күні кәсіпорындар құзыретінің төмен деңгейінде кез келген келісімшартты орындауға ұмтылады. Бұл келісімшарттардың уақтылы, сапасыз, ал кей кезде тіпті орындалмауына әкеледі);
- 9) шетелдік ұқсастарына қарағанда шығарылатын өнім құнының арту фактілерін болдырмау;
- 10) отандық өнімді тікелей шығаруға жатпайтын көрсеткіштерді қоспағанда, жергілікті қамту үлесін есептеу әдістемесін қайта әзірлеу;
- 11) тек МҚТ-ға ғана тәуелділікті төмендету, жекелеген кәсіпорындар бойынша оның үлесі 80-90 %-ке дейін жетеді.

Ескірген әскери техника мен оқ-дәрілерді, яғни пайдаланылмайтын ҚӘТ-ны (бұдан әрі – ПӘМ) кәдеге жарату бөлігінде осы мәселе «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» заңнамамен толық көлемде регламенттелгенін хабарлаймыз. Қажетті өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылы қабылданды.

ПӘМ жөніндегі уәкілетті, оның ішінде оған беру, өткізу және тарату бөлігінде иелік ету және шешімдер қабылдау жөніндегі орган болып ИИДМ айқындалды.

Сонымен қатар, ИИДМ-да қойма алаңдарының болмауына байланысты ПӘМ-нің, оның ішінде оқ-дәрілердің көп санын Қарулы Күштердің сақтау объектілерінде сақтау жалғасуда, бұл қатер туғызады, сондай-ақ Қарулы Күштерге сақтауды қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде қаржылық қосымша жүктемені де жүктейді.

Хабардар ету тәртібінде хабарланады.

Құрметпен,

генерал-полковник

Р. Жақсылықов

Орынд.: Қораласов Б.Б.
Тел. 72-14-57

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ



МИНИСТР ОБОРОНЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 14-үй,
тел.: +7 (7172) 72-13-84, 72-13-85, факс: 50-41-97
e-mail: mork@mod.gov.kz

010000, город Нур-Султан, улица Достык, дом 14,
тел.: +7 (7172) 72-13-84, 72-13-85, факс: 50-41-97
e-mail: mork@mod.gov.kz

№ _____

**Депутатам фракции
«Народная партия Казахстана»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

На № ДЗ-202 от 22.06.2022

Уважаемые депутаты!

Министерство обороны, рассмотрев письмо относительно вопросов развития оборонно-промышленного комплекса Республики Казахстан (далее – ОПК), сообщает следующее.

Оснащение Вооруженных Сил вооружением и военной техникой (далее – ВВТ) осуществляется по приоритетности в соответствии с возложенными задачами по обеспечению боевой готовности войск.

Значительная роль в данном вопросе возложена на ОПК.

Очевидно, что развитый отечественный ОПК является одной из основной составляющей военно-экономической безопасности государства.

В соответствии с Системой государственного планирования основным документом, реализующим государственную политику в сфере национальной безопасности, является Стратегия национальной безопасности.

В реализацию Стратегии национальной безопасности Указом Президента Республики Казахстан от 20 августа в 2021 года утверждена новая редакция Концепции строительства и развития Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований Республики Казахстан до 2030 года.

Концепция в том числе содержит конкретные задачи и показатели для повышения технической оснащенности Вооруженных Сил, этапы реализации.

Также, действует Концепция перевооружения Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований Республики Казахстан и развития оборонно-промышленного комплекса до 2030 года, утвержденная Указом Президента от 28 мая 2018 года.

Данной концепцией определены, цели и задачи, основные направления и этапы развития ОПК в интересах перевооружения Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований Республики Казахстан.

В целях практической реализации мероприятий Концепции строительства, разработан и 30 сентября 2021 года Министром обороны утвержден

План переоснащения Вооруженных Сил новым, капитально отремонтированным и модернизированным ВВТ до 2030 года.

План разработан с учетом фактических потребностей Вооруженных Сил, обеспечивающее необходимый темп перевооружения на современное новое ВВТ, а также требуемый уровень боевой и технической готовности Вооруженных Сил.

План направлен в Министерство индустрии и инфраструктурного развития (далее – МИИР) для планирования развития и загрузки отечественного ОПК.

Важно отметить, что одним из главных инструментов развития ОПК является государственный оборонный заказ (далее – ГОЗ).

Согласно законодательству «Об оборонной промышленности и государственном оборонном заказе», выбор исполнителей ГОЗ на первом этапе осуществляется из числа отечественных предприятий ОПК из действующего реестра, и только в случае невозможности определения отечественного исполнителя, такое задание передается на исполнение уполномоченной организации в лице РГП «Казспецэкспорт».

При этом, в денежном выражении доля исполнения ГОЗ отечественным ОПК ежегодно составляет не менее 50%, а в отдельные годы достигала до 70%.

В целях увеличения доли производства, ремонта и модернизации ВВТ и другой военной продукции МИИР совместно с Министерством обороны на постоянной основе прорабатываются перспективные проекты по освоению отечественного производства продукции (работ, услуг).

Так, в 2020 году в МИИР был направлен перечень из 110 таких проектов, большая часть из которых ОПК уже могла быть произведена на действующих мощностях, а другая часть требовала капитальных вложений или являлась экономически нецелесообразной.

Полученные данные учитывались при формировании ГОЗ.

На сегодняшний день совместно прорабатываются еще 15 более технологически сложных перспективных проектов, реализацию которых планируется осуществить на отечественных предприятиях ОПК в долгосрочной перспективе.

Очевидно, что данное направление весьма актуально в условиях санкционного противостояния.

Отдельно информируем о проводимых мероприятиях в части приобретения бронированной колесной техники (далее – БКМ) в интересах Вооруженных Сил.

С 2016 года для укомплектования подразделений у ТОО «Казахстан Парамант инжиниринг» (далее – ТОО «КПИ») приобретено 138 ед. БКМ «Арлан» бхб, в 2022 году будет поставлено 10 ед. БКМ «Арлан», а в 2023 году планируется поставить еще 20 ед. БКМ «Арлан» с боевыми модулями. То есть, общее количество приобретенных БКМ «Арлан» бхб в интересах Вооруженных Сил достигнет 168 ед., что в денежном выражении составляет более 82 млрд. тенге.

В настоящее время совместно с ТОО «КПИ» прорабатываются перспективные специальные машины на базе БКМ 4х4.

Так, подготовлено и планируется рассмотреть на заседании внутриведомственного совещательного органа (координационный совет) техническое задание на производство машины управления огнем артиллерии. В случае определения БКМ 4х4 производства ТОО «КПИ» в качестве базовой машины, будет рассмотрен вопрос приобретения 18 ед. такой боевой техники.

Также, национальным проектом «Безопасная страна» предусмотрено мероприятие по производству машины радиационной, химической и биологической разведки на базе БКМ «Арлан» со сроком реализации в 2025 году. Потребность в машинах данного типа составляет 55 ед.

Силами ТОО «КПИ» в 2021 году проведено сервисное техническое обслуживание 60 ед. БКМ «Арлан» Вооруженных Сил.

Наряду с этим, в рамках оснащения Вооруженных Сил БКМ 8х8 в период с 18 апреля по 30 мая 2022 года проведена повторная опытная войсковая эксплуатация бронированной колёсной машины 8х8 «Барыс» производства ТОО «КПИ». На заключительный этап данного мероприятия в рамках межведомственного взаимодействия были приглашены представители Национальной гвардии и Пограничной службы КНБ. Проведён детальный анализ выявленных положительных и отрицательных сторон, который будет рассмотрен на заседании координационного совета. На данном этапе подготовлены предложения по внесению конструктивных изменений по боевому, десантному отделению, отделению управления, средствам связи и комплектности машины.

Указанные перспективные проекты ВВТ реализуются в порядке, определённом Правилами принятия на вооружение Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований Республики Казахстан вооружения и военной техники (утверждены приказом МО РК от 21 января 2015 года №30).

Таким образом отмечаем, что взаимодействие с отечественным ОПК, в частности с ТОО «КПИ» по оснащению Вооруженных Сил БКМ различного предназначения осуществляется весьма результативно.

Наряду с этим, полагаем необходимым решение следующих первоочередных задач для ОПК:

- 1) ориентирование ОПК на потребности силовых структур страны, а не навязывание своей продукции, которая во многих случаях не востребована в армии;

- 2) повышение уровня технологического развития;
- 3) развитие экспортного потенциала;
- 4) налаживание производства комплектующих и запасных частей;
- 5) более широкое развитие услуг заводского ремонта имеющегося парка ВВТ;
- 6) повышение местного содержания, исключение скрытого импорта;
- 7) развитие диверсификации (расширения номенклатуры выпускаемой продукции, в том числе гражданского сектора) производимой продукции;
- 8) более четкое разграничение (закрепление) оборонных предприятий по специализации, что возможно достигнуть усилением (конкретизацией) системы лицензирования (на сегодняшний день предприятия стремятся исполнять любые контракты, при низком уровне компетенции. Это ведет к несвоевременному, некачественному а иногда и неисполнению контрактов);
- 9) исключение фактов превышения стоимости выпускаемой продукции по отношению к зарубежным аналогам;
- 10) переработать методику расчета доли местного содержания с исключением показателей, не относящихся к непосредственному производству отечественной продукции;
- 11) снижение зависимости только от ГОЗ, доля которого достигает по отдельным предприятиям до 80-90%.

В части утилизации устаревшей военной техники и боеприпасов, то есть неиспользуемого ВВТ (далее – НВИ) информируем, что данный вопрос в полной мере регламентирован законодательством «Об оборонной промышленности и государственном оборонном заказе». Необходимые изменения и дополнения были приняты в 2021 году.

Уполномоченным органом по НВИ определено МИИР, в том числе по распоряжению и принятию решений в части его передачи, реализации и ликвидации.

Вместе с тем, в связи с отсутствием складских площадей у МИИР, значительное количество НВИ, в том числе боеприпасов, продолжает храниться на объектах хранения Вооруженных Сил, что создает риски, а также несет дополнительную нагрузку на Вооруженные Силы по обеспечению хранения, в том числе финансовую.

Сообщается в порядке информирования.

С уважением,

генерал-полковник

Р. Жаксылыков

Тел. 72-14-57